

6D011400 — «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Токишкадилов Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі тақырыбында дайындалған диссертациясына

Пікір

Ботабек Бейбитбекович Токишкадиловтың диссертациялық жұмысы «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбында Қазақстан тарихы пәнінде оқыту әдістемесі бойынша ерекше маңызға ие. Бұл тақырып Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихының маңызды кезеңдерін қамтиды және қазіргі білім беру жүйесінде оның оқытылуы үлкен мәнге ие. Қазіргі уақытта Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелерінің бірі — халқымыздың тарихында орын алған ауыр кезеңдер мен олардың салдарлары туралы дұрыс түсінік қалыптастыру.

Токишкадиловтың зерттеуі Шығыс Қазақстанның дәстүрлі мал шаруашылығының XX ғасырдың 20-30 жылдарында қандай өзгерістерге ұшырағанын, осы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды және олардың жергілікті халыққа тигізген әсерін жан-жақты зерттейді. Зерттеу барысында автор Қазақ Республикасының шаруашылық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді тарихи құжаттар, статистикалық деректер мен ғылыми еңбектер арқылы сараптап, аймақтың тарихы мен мәдениетін оқыту әдістемесіне жаңаша көзқарас ұсынуды мақсат етеді. Докторанттың зерттеуі тарихи оқиғаларды дұрыс контексте көрсету, студенттерге тарихты тек деректермен ғана емес, оқыту әдістемесіне жаңа көзқараспен таныстыру үшін маңызды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан аймағының тарихын оқыту барысында өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, заманауи әдістер мен тәсілдерге негізделген жүйелі ақпарат беру, оның білім беру процесіндегі рөлін арттыру жұмыстың өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеуші диссертация тақырыбы аясында көптген ғылыми еңбектерге талдау жасаған. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттар орталығы қорларындағы «Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармасы», және басқа да мұрағат құжаттары негізінде XX ғ. 20-30 жылдар аралығындағы аймақ экономикасы мен әлеуметтік дамуының табыстары мен сабақтары жөнінде көптеген деректер талданған.

Қорыта айтқанда, Ботабек Бейбитбекович Токишкадиловтың «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінде маңызды орын алады және тарихи білім беру жүйесінің дамуына үлес қосады.

Пікір беруші:

Педагогика ғылымдарының
кандидаты

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
А.Б. Кундакова
КАДР БӨЛІМІ
• 17 • 03 2022 ж.ж.

Кундакова А.Б.



Т
Сыпектін Омар
Ишанмашева